Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Заңнаманы жетілдіру және заңдарды сақтау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету» басымдығы шеңберінде Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев заңнама мен құқық қолдану сапасын, тұрақтылығын арттыру міндетін қойды. Ол, атап айтқанда, «... Осы мақсаттарда заңды әркелкі түсіндіру мүмкіндіктерін жою, олардың қайталануын болдырмау, заңдардың тұрақтылығын және бір мезгілде заңнамадағы өзгерістер мен жаңалықтардың болжамдылығын қамтамасыз ету қажет.»[1] деп атап өтті.

Бұл міндеттер негізінен құқықтық мониторингті пайдалану кезінде шешуге болады.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына жолдауларында, сондай-ақ түрлі сөйлеген сөздерінде сапалы заңдар қабылдау, оларды тығыз және үйлесімді өзара іс-қимыл жағдайында мұқият пысықтау, сындарлы заң шығару дәстүрлерін жалғастыру[2], қолданыстағы заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеу[3] және оның жекелеген салаларына өзекті сипат беру[4] қажеттігі туралы бірнеше рет атап өтті. Осы аталған міндеттердің барлығы, біздің ойымызша, бүкіл заңнаманы және құқық қолдану практикасын жетілдіру тетіктерін, оның ішінде республикада заңдылықты қамтамасыз етудің пәрменді құралдарының бірі ретінде құқықтық мониторинг жүйесін дұрыс құру жағдайында жүзеге асырылады [1]. Елде жүргізіліп жатқан реформалар аясында заңнама көлемінің объективті ұлғаюы заңнаманың тиімділігіне талдау жүргізуді, заңнаманы одан әрі жетілдіру жөніндегі нақты ұсыныстарды, құқықтық мониторингтің ұйымдастырушылық-құқықтық тетігін негіздеуді талап етеді. 2016 жылы «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының[5] қабылда-

---

*1 «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы // 20.02.2018 ж. «Казахстанская правда», № 35 (28664); «Егемен Қазақстан» 20.02.2018 ж., № 35 (29266); ҚР НҚА Эталондық бақылау банкі электрондық түрде 23.02.2018ж. МБ «Әділет»*

*2 Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 1 қыркүйекте ҚР Парламентінің алтыншы шақырылымының екінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: http://www.akorda.kz/ru.*

*3 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: http://www.akorda.kz/ru.*

*4 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: http://www.akorda.kz/ru.*

*5 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы «Төртінші*

нуымен құқықтық мониторинг нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету шараларының бірі ретінде анықталды. Осы Заңның 50 және 51-баптарына сәйкес жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының жай-күйі және оны қолдану практикасы туралы ақпаратты үнемі бақылау, жинау, талдау жүйесін білдіреді (1-баптың 20) тармақшасы). Бұл ретте «жүйе» ұғымы құқықтық мониторингті мемлекеттік функция ретінде ғана емес, мемлекеттік құқықтық саясаттың бөлігі (институты) ретінде көрсетеді [2].

Ғылыми айналымға «заңнама мониторингі», «заң мониторингі», «құқық қолдану қызметінің мониторингі», «құқық қолдану мониторингі», «құқықтық кеңістік мониторингі», «нормативтік құқықтық актілер мониторингі» ұғымдары енгізілді [3]. Бұл ретте аталған терминдердің мәні құқықтық реттеудің белгіленген мақсаттары мен қол жеткізілген нәтижелердің арақатынасын белгілеу мақсатында қоғамдық қатынастарды реттеудің нормативтік құқықтық негіздерінің сапасын және оны құқық қолдану қызметі барысында іс жүзінде жүзеге асыруды бағалау ретінде түсініледі.

Бірқатар заңгер ғалымдардың пікірінше, мониторинг объектісі қолданыстағы заңнама мен оны қолдану практикасы ғана емес, сонымен қатар биліктің барлық тармақтары жүзеге асыратын заң жобалау және өзге де норма шығару қызметі болып табылады. Ю. А. Тихомиров атап өткендей, құқықтық мониторинг – бұл жұмыс істеудің, басқарудың, шаруашылық жүргізудің және тағы сондай сияқтылардың барлық сатылары бойынша қозғалатын, құқықтың пайда болуы мен әрекет етуінің барлық кезеңдерінде байқалатын ақпараттық-бағалау сипатындағы қарқынды ұйымдастырушылық және құқықтық институт [4].

М.Т. Баймахановтың [5] пікірінше, заңнама мен құқық қолдану практикасы мониторингінің ерекшелігі олардың сапасын талдау және болжау ғана емес, сонымен қатар қоғамдық қатынастардың нақты жай-күйін, адамның шынайы өмірін, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары қызметін талдау болып табылады, олардың түпкі мақсаттарына тек пәнаралық кешенді құқықтық реттеудің арқасында қол жеткізуге болады.

Құқықтық мониторинг жүргізу кезінде жекелеген жағдайларда сыбайлас жемқорлық ретінде көрінетін құқық нормаларының олқылықтары, коллизиялары және басқа да кемшіліктері анықталуы тиіс. Кейбір жағдайларда олқылықтар, коллизиялар және екіұшты нормалар мемлекеттік органдарға «көмектеседі» және құқық қолданушылар ретінде оларға мұндай құқықтық актінің болуы, яғни мониторингілеу кезінде осы нормативтік құқықтық актінің кемшіліктерін байқамауға ыңғайлы.

Осыған байланысты, заң әдебиеттерінде кейбір жағдайларда тек заңнамалық актіні қолдану тәжірибесін талдау оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді деп көрсетіледі [6]. Құқықтық мониторинг заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдірудің негізгі құралы болу үшін жеткілікті әлеуетке ие деп санаймыз.

«Құқықтық актілер туралы» Заңда құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғамдық және ғылыми ұйымдарды, азаматтарды тартуға құқық берілген (Заңның 50-бабы 3-тармағы). Жалпы, норма жұртшылық өкілдеріне, азаматтарға мемлекеттік органның тапсырмасын орындау арқылы мониторинг қызметіне қатысуға мүмкіндік береді. Бұл ретте құқық-міндет тұжырымдамасына сүйене отырып, ұйымдар, азаматтар міндетті емес, мониторингке қатысуға қатысты субъективті құқыққа ие екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және өзара іс-қимыл үшін заңнамада көзделген басқа да негіздер бойынша белгіленген рәсімдер шеңберінде мониторинг жүргізуге қоғамдық және ғылыми ұйымдарды, азаматтарды тарту жөніндегі жұмыс мемлекеттік органдардың салалық мәселелеріндегі мамандарды тартуға, жүргізілген әлеуметтанушылық зерттеулердің нәтижелерін алуға және т. б. мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында құқықтық мониторингті қалыптастыру мен дамытуда «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына үлкен рөл берілгенін атап өткен жөн[6].

Құқықтық мониторинг жүргізу кезінде мемлекеттік органдарға жәрдем көрсету, сондай-ақ оның тетігін жетілдіру мақсатында Институт құрылымында мониторингтік қызметті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыруға бағытталған Құқықтық мониторинг орталығы жұмыс істейді. Көрсетілген Орталықтың негізгі міндеттері:

1) құқықтық мониторинг саласында іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу;

2) Қазақстан Республикасында мониторинг жүйесін дамытуға, оның ішінде уәкілетті органдарда құқықтық мониторинг жүргізуге жәрдемдесу;

3) заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлей отырып, оны қолданудың жай-күйі, даму үрдістері және практикасы туралы талдамалық зерттеулер жүргізу;

4) құқықтық мониторингке тарту бойынша қоғамдық, ғылыми ұйымдармен және жоғары

[6] *«Қазақстан Республикасындағы норма шығармашылығы қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 149 қаулысы // ҚР НҚА Эталондық бақылау банкі электрондық түрде, 29.03.2019 ж.; Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы 2019 ж., № 5-6 67-құжат.*

оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Орталық жүргізетін құқықтық мониторинг нәтижелерінің мәні туралы неғұрлым нақты түсінік алу үшін оның шеңберінде заңнаманың тиімділігіне талдау (нормативтік құқықтық актілерді талдау) жүзеге асырылатын үшінші міндеттің мазмұнын ашуға тоқталуды ұсынамыз. Аталған талдаудың нәтижелерін мемлекеттік органдар құқықтық мониторинг жүргізу кезінде пайдаланатынын атап өту қажет (Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 15-тармағының 3) тармақшасы[7]).

Орталық жыл сайын жоспарлы негізде норма шығару қызметінің сапасына және тиімділігіне байланысты заңнаманы, оның жекелеген салаларын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуде, сол сияқты Қазақстандағы құқық қолдану практикасының жай-күйі тәуелді болатын тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізуде көрініс тапқан заңнамалық актілерге талдауды жүзеге асырады.

Мұндай жұмыстың нәтижелері талдамалық анықтамалар түрінде қалыптастырылады және мемлекеттік органдарға заңнамаға қайшы келетін, ескірген, сыбайлас жемқорлық және тиімсіз іске асырылатын нормаларды жою жөніндегі ұсынымдарды қамтитын заң жобалау қызметінде есепке алу үшін жіберіледі. Заңнаманың тиімділігін талдау нәтижелері бойынша Орталық тоқсан сайын талдамалық анықтамалар жинақтарын қалыптастырады және Институттың ресми сайтына (http://www.zqai/kz) орналастырады.

Заңдардың тиімділігіне талдау жүргізу кезінде норма шығару қызметін болжамды-талдамалық қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды, ол құқық салалары мен құқықтық жүйелердің даму үрдістерінің тұрақты мониторингіне, нормативтік құқықтық актілерді қолдану практикасын талдауға негізделеді.

Бұдан басқа, Орталық қоғамдық, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарын тарту арқылы жүргізілетін талдаудың сапасын арттыру бойынша іс-шараларды үнемі ұйымдастырып отырады, олар қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге өз үлестерін қосып қана қоймай, сонымен қатар өзара тиімді ақпарат пен тәжірибе алмасуды дамытады. Бұл іс-шаралар азаматтар мен ұйымдардан келіп түсетін заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстарды іріктеу және қорыту арқылы заңнаманың қазіргі өзекті мәселелерін талқылауға бағытталған. Орталық құқықтың әртүрлі салаларындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасады. Қоғамдық ұйымдарды құқықтық мониторингке тарту және олармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жұмыс осындай іс-шаралардың тиімділігін көрсететінін, сондай-ақ жұртшылық өкілдері арасында жан-жақты қолдау табатынын атап өткен жөн.

Орталық жыл сайын заңнаманың өзекті мәселелерін талқылауда қоғамдық, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарын кеңінен қамту мақсатында Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен қоғамдық ұйымдар мен жоғары оқу орындарының 300-ден астам өкілінің қатысуымен семинар кеңестер[8] бейнеконференция форматында[9] өткізеді. Азаматтық сектор өкілдерімен құқықтық мониторинг мәселелері бойынша ақпарат алмасу мақсатында Facebook әлеуметтік желілерінде «Заңнаманың тиімділігін талдау» деген атаумен ресми топтар құрылды.

Мемлекеттік басқару жүйесінің қоғамның мемлекеттік емес құрылымдарының ресурстарымен көрсетілген интеграциясы өте қажет, бұл тұрғыда С.М. Мироновтың пікірі әділ болып көрінеді, ол: «Егер біз заңдарды қабылдай отырып, олардың қаншалықты пайдалы және орындалатынын түсінуді үйренбесек, егер біз шенеунікке мониторинг деректерін есепке алуды үйретпесек (оны іске асыруда сарапшылық қоғамдастықтар, азаматтық қоғам институттары өз рөлін атқаратын болады), біз алға қойылған міндеттердің ешқайсысын шеше алмаймыз», - деп атап өтеді, әрі қарай мониторинг жүйесіндегі басты рөлдердің бірін азаматтық қоғам институттарының, ғылыми, қоғамдық және мемлекетпен байланысы жоқ өзге де ұйымдардың атқаруына тура келеді дейді [7].

Қазақстандық заңнама үнемі жетілдіру процесінде екенін және республиканың және әлемдік қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуымен бір мезгілде өзекті сиатқа ие болатынын атап өту қажет. Салалық заңнама жаңартылып, оны одан әрі жетілдіру бағыттары айқындалады.

Сонымен қатар, кейбір заңгер ғалымдардың қолданыстағы ұлттық құқық жүйесін жаңарту мен жетілдірудің негізгі факторлары ретінде мыналарды атайды:

1) қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесін қарқынды дамыту және жетілдіруді атайды, өйткені кез келген қоғам күрделі, өзін-өзі дамытатын организм ретінде мәңгілік прогрессивті немесе регрессивті қозғалыста болады. Бұл мәнжай қолданыстағы құқық нормаларына тиісті

---

[7] *«Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 486 қаулысы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық жүйесі: http://adilet.zaN№.kz/rus/docs/P1600000486.*

[8] *http://www.iz.adilet.gov.kz/ru/news/vstrecha-po-obsuzhdeniyu-voprosov-o-privlechenii-obshchestvennyh-nauchnyh-organizaciy-i-vuzov-k http://www.iz.adilet.gov.kz/ru/news/26-sentyabrya-2017-goda-centrom-pravovogo-monitoringa-instituta-zakonodatelstva-byla*

[9] *http://www.iz.adilet.gov.kz/ru/news/26-sentyabrya-2017-goda-centrom-pravovogo-monitoringa-instituta-zakonodatelstva-byla*

өзгерістер енгізу, ескірген, қолданылмайтын және іс жүзінде заңдық күші жойылған нормаларды жою бойынша қызметті жүзеге асыруға мәжбүр етеді;

2) құқық шығару техникасының талаптарына толық көлемде сәйкес келмейтін, олқылықтары бар, конституциялық нормалар мен жоғары тұрған актілерге қайшы келетін не редакциясы пысықталмаған, жеткілікті түрде күмәнсіз құқық нормаларының болуын;

3) мемлекеттің саяси және экономикалық бағытының өзгеруі де басымдықтардың, құндылықтардың, идеалдардың, қоғамды басқаруға, басқару мен мемлекеттік құрылым нысанына, саяси режимге, саяси-құқықтық идеологияға көзқарастар жүйесінің өзгеруіне әкеп соғады, бұл, сөзсіз, жаңа мемлекеттік-құқықтық жағдайға барабар жаңа нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды талап етеді [8].

Бұдан былай құқық нормаларын іске асырудың тиімділігін бағалауға ғана емес, сонымен бірге құқықтық мониторингке ғылыми және салалық тәсілдерді кешенді қолдана отырып, құқықтық құбылыстардың дамуын болжауға ерекше назар аударылады. Бұл заңнаманы және сапалы норма шығаруды жетілдіру бойынша тұжырымдамалық ұсынымдарды әзірлеудің алғышарты болып табылады. Заң шығару қызметіндегі мониторингтің прогрессивті рөлі заң жобаларын әзірлеушілерді нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингінің нәтижелерін ескеруді міндеттейтін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмысын ұйымдастыру қағидаларымен[10] де расталады.

Мәселен, осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес заң жобасының тұжырымдамасын дайындау кезінде уәкілетті орган құқықтық реттеудің тиісті саласындағы қолданыстағы заңнаманы талдауды, қолданыстағы құқықтық тетіктер тиімділігінің жеткіліксіздігі себептерін айқындауды, жүргізілген заңнамалық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелерін есепке алуды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл заң жобасы тұжырымдамасының бекітілген нысанында көрсетілген. Бұл ретте құқықтық мониторинг объектілерін анықтаудағы, сондай-ақ осы тетіктің субъектілері мен басқа да қатысушыларының өзара іс-қимылындағы тепе-теңдіктің маңыздылығын жеке атап өткен жөн.

Сонымен бірге, құқықтық мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша жыл сайынғы ақпаратта құқықтық мониторинг пен заң жобалау жұмысы арасындағы тиісті өзара байланыстың жоқтығын куәландыратын мән-жайлар келтіріледі. Атап айтқанда, талдамалық анықтамада анықталған ақаулар туралы мәліметтер болмаған жағдайда мониторинг субъектісі үйлестірушіге ұсынатын есептілік нысандарында нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажеттілігі айқындалады. Олқылықтарды, қайшылықтарды, коллизияларды, ескірген ережелерді алып тастау бөлігінде жекелеген заңнамалық актілердің нормаларын сәйкестікке келтіруге және нормаларды қолданыстағы заңнамаға сәйкестікке келтіруге бағытталған заң жобаларын әзірлеу жоспарланған жағдайда да құқықтық мониторинг субъектілері талдамалық анықтамаларда бұл кемшіліктерді көрсетпейді.

Өз кезегінде Институт тұрақты негізде заңнамалық актілерді талдау нәтижелерін, атап айтқанда, заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ескертулерді мемлекеттік органдарға жолдайтынын атап өту қажет. Алайда мемлекеттік органдар ұсынған тұжырымдамалар жобаларында жүргізілген құқықтық мониторингтің нәтижелері болмады. Осылайша, Институт жыл сайын 50 заңнамалық актіге талдау жасайды, тек 2017 жылдың ішінде Институт ғылыми құқықтық талдау нәтижелері бойынша 68 талдамалық анықтама дайындады, онда заңнаманы жетілдіру бойынша 773 ұсыным бар[11]. Ю.А. Тихомировтің айтуы бойынша, мониторинг «кері байланысты» – қоғамнан заң шығарушыға – және құқықтық дамудың қажетті циклін қамтамасыз етуі тиіс. Мұнсыз «құқықтық тізбек» үзіледі және құқықтық реттеудің фрагменттілігі мен сағымдылығы сақталады [9].

Сонымен бірге, құқықтық мониторинг институтын реттейтін ережелерді талдау құқықтық мониторинг тетігінің тиімділігін төмендететін мынадай кемшіліктерін анықтады.

Мәселен, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері құқықтық мониторинг нәтижелері бойынша есепті айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей тиісті актілердің жобаларын әзірлеу жөнінде шаралар қабылдайды (Құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 16-тармағы). Қағидалардың 20-тармағына сәйкес бірінші жартыжылдық (ағымдағы жылдың 10 шілдесіне дейін) және жыл (есепті жылдан кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін) есепті кезең болып табылады.

Бұл ретте жыл қорытындысы бойынша заңнамалық актілер бойынша жүргізілген құқықтық мониторинг нәтижелері бойынша тиісті заң жобаларын Заң жобалау жұмыстары жоспарына енгізу, заң жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізу не басқа заң жобаларына түзетулер енгізу қабылданған шара болып табылады (Қағидалардың 18-тармағының бірінші абзацы). Бұл нормалар бір-бірімен сәйкес келмейді, өйткені бірінші нормада жыл қорытындысы бойынша қабыл-

[10] *«Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысы. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/U020000949*

[11] *Талдамалық анықтамалар жинағы. URL: http://www.iz.adilet.gov.kz/ru/page-du/6331*

данатын шаралардан басқа жартыжылдықтың қорытындысы бойынша шаралар қабылданады.

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау жоспарлары бір жылға жасалатын ағымдағы және неғұрлым ұзақ мерзімге жасалатын перспективалық болып бөлінеді («Құқықтық актілер туралы» Заңның 15-бабының 1-тармағы). Заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі әзірлейді және олар Қазақстан Республикасының Президентімен келісіледі («Құқықтық актілер туралы» Заңның 16-бабының 6-тармағы). Заңнамалық актілердің жобаларын дайындауды перспективалық жоспарлау Заң шығару жұмысының тұжырымдамалық жоспары шеңберінде жүзеге асырылады, ол Қазақстан Республикасы Парламентінің кезекті сайланымы кезеңіне қабылданады және заңнама салаларын (аясын) көрсетеді («Құқықтық актілер туралы» Заңның 16-бабының 1, 2-тармақтары).

Бұл ретте уәкілетті органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарын және Заң шығармашылық жұмыстың тұжырымдамалық жоспарын орындау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Президенттің тапсырмасына негізделетін Президент Әкімшілігі Басшысының немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс тәртіппен әзірлейді (Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру қағидаларының 16-тармағының бірінші бөлігі).

Демек, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің жартыжылдықтың қорытындысы бойынша заңнамалық актілердің құқықтық мониторингінің нәтижелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу жөнінде шаралар қабылдауға мүмкіндігі жоқ, өйткені заң жобалары Заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарына енгізілуі тиіс. Олар төмендегі негіздер бойынша да жыл қорытындысы бойынша шаралар қабылдай алмайды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысының 82-тармағына сәйкес алдағы жылға арналған Жоспардың жобасын жыл сайын 1 шілдеге дейін мемлекеттік органдар Әділет министрлігіне ұсынатын заң жобаларының тұжырымдамалары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның оң қорытындысы негізінде Әділет министрлігі қалыптастырады. Бұл ретте заң жобаларының тұжырымдамаларын Ведомствоаралық комиссия жыл сайын 1 тамызға дейін мақұлдауға тиіс. Қалыптастырылған Жоспардың жобасы жыл сайын 1 қазанға дейін Үкімет қаулыларының жобаларын енгізу үшін белгіленген тәртіппен Үкіметке ұсынылады. Жоспар жобасы Мемлекет басшысына жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 15 карашасына дейін ұсынылады және 31 желтоқсанынан кешіктірілмей бекітіледі. Мемлекеттік органдар ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін Заң жобалау жұмыстары жоспарының жобасына ұсыныстарын уақтылы бермеген жағдайда, Әділет министрлігі тиісті мемлекеттік органның басшысына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға заң қызметі басшысын жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізеді. Заң жобалау жұмыстары жоспарының жобасина ұсыныстар болмаған жағдайда тиісті мемлекеттік орган Әділет министрлігіне ұсыныстардың жоқтығы туралы хат жібереді.

Заңнамалық жұмыстарды ғылыми негізделген перспективалық жоспарлаусыз тиімді құқықтық жүйені дәйекті құру мүмкін емес деп айтуға болады. Заң жобалау жұмыстарының бағдарламалары мен жоспарлары қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің кешенді тәсіліне мүмкіндік береді. Жоспардан тыс заң жобалау жұмыстары белгіленген сай келмейтінің мойындау керек, осыған байланысты олардың үлесі аз болуы тиіс.

Демек, құқықтық мониторинг тұрақты, циклдік сипатқа ие, өйткені заңнамалық актілерге жүргізілетін талдау олқылықтарды, қайшылықтар мен коллизияларды анықтауға және тұжырымдамалардың жобаларын әзірлеу және тиісті ведомствоаралық комиссиялардың карауына енгізу арқылы заңнаманы түзету бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Құқықтық мониторинг нәтижелері норма шығаруды, яғни белгілі бір идеяның пайда болуынан басталатын процесті және қолданылуы барысында құқық нормасының қазіргі жағдайына яғни белгілі бір жағдай мен субъектіге нақтыланбаған мінез-құлықтың абстрактілі ережелеріне айналатын, нысаны мен мазмұны бойынша пысықталған нормативтік құқықтық актілер мен басқа да құжаттарды дайындауға бағытталған жұмыстың өзін қамтамасыз ететін арнайы көмекші заң қызметі ретінде қолданылады деп санаймыз [10].

Осылайша, құқықтық мониторинг міндеттерінің тиімді орындалуынан норма шығару және құқық қолдану тетігінің дамуы байланысты болады және осы барлық салалардың конструктивті өзара іс-қимылы ғана тиянақты және тұрақты құқықтық саясатты қамтамасыз ететін жүйені құруға көмектеседі.

## ЛИТЕРАТУРА

*1. Тлембаева. Ж.У, Тұрлыбек.Д.М. Правовой мониторинг как инструмент модернизации национальной правовой системы Республики Казахстан https://www.zakon.kz/4936788-pravovoy-monitoring-*

kak-instrument.html.

2. Сафарова Т.С. Некоторые аспекты нового законодательства Республики Казахстан о правовом мониторинге//Вестник Института законодательства Республики Казахстан №2 (43) 2016.С. 79-81.

3. Желдыбина Т.А. О значении мониторинга как самостоятельного правового института //Актуальные проблемы российского права. 2016. № 1 (62) январь. С. 34-41.

4. Тихомиров Ю.А. Организация и проведение правового мониторинга. // Право и экономика, 2006. № 10. - С. 13.

5. Баймаханов М.Т. О роли мониторинга в совершенствовании нормотворчества//Қазақстандағы парламентаризм, 2008, №1 (1).- С.53-59.

6. Черепанова Е. В. Формирование модели отраслевого правового мониторинга // Журнал российского права. 2011. № 3.

7. Миронов С.М. Теория и практика мониторинга правового пространства и правоприменительной практики: итоги и перспективы. - 20 июня 2006. - http://mironov.ru/moya-pozitsiya/teoriya-i-praktika-monitoringa-pravovogo-prostranstva-i-pravoprimenitelnoj-praktiki-itogi-i-perspektivy/.

8. Бусурманов Ж.Д. Место и роль мониторинга в правотворческой деятельности государства // Правовой мониторинг в Республике Казахстан: теория, проблемы, перспективы: Материалы международной научно-практической конференции 29 ноября 2012 года. – Астана: Қазақстан Республикасының Заң шығару институты, 2013. – 325 б.

9. Тихомиров Ю.А. Эффективность закона: от цели к результату // Журнал российского права. 2009. №4 (148).

10. Арзамасов Ю.Г., Наконечный Я.Е. Техника правового мониторинга в нормотворческом процессе ПараГраф, 2012 https://www.hse.ru/data/2012/02/10/1263474219/2012_%D0%90%D1%80%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%81%D0%BE%D0%B2%20%D0%AE%D0%93,%20%D0%9D%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B5%D1%87%D0%BD%D1%8B%D0%B9%20%D0%AF%D0%95_%D0%A2%D0%B5%D1%85%D0%BD%D0%B8%D0%BA%D0%B0..%D0%B8%D0%BD%D0%B3%D0%B0%20%D0%B2%20%D0%BD%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%BE%D1%82%D0%B2%D0%BE%D1%80%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%86%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%B5.pdf

## REFERENCES

1. Tlembaeva. Zh.U, Tұrlybek.D.M. Pravovoj monitoring kak instrument modernizacii nacional'noj pravovoj sistemy Respubliki Kazahstan https://www.zakon.kz/4936788-pravovoy-monitoring-kak-instrument.html.

2. Safarova T.S. Nekotorye aspekty novogo zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan o pravovom monitoringe//Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan №2 (43) 2016.S. 79-81.

3. Zheldybina T.A. O znachenii monitoringa kak samostojatel'nogo pravovogo instituta //Aktual'nye problemy rossijskogo prava. 2016. № 1 (62) janvar'. S. 34-41.

4. Tihomirov Ju.A. Organizacija i provedenie pravovogo monitoringa. // Pravo i jekonomika, 2006. №10. - S. 13.

5. Bajmahanov M.T. O roli monitoringa v sovershenstvovanii normotvorchestva//Қazaқstandaғy parlamentarizm, 2008, №1 (1).- S.53-59.

6. Cherepanova E. V. Formirovanie modeli otraslevogo pravovogo monitoringa // Zhurnal rossijskogo prava. 2011. № 3.

7. Mironov S.M. Teorija i praktika monitoringa pravovogo prostranstva i pravoprimenitel'noj praktiki: itogi i perspektivy. - 20 ijunja 2006. - http://mironov.ru/moya-pozitsiya/teoriya-i-praktika-monitoringa-pravovogo-prostranstva-i-pravoprimenitelnoj-praktiki-itogi-i-perspektivy/.

8. Busurmanov Zh.D. Mesto i rol' monitoringa v pravotvorcheskoj dejatel'nosti gosudarstva // Pravovoj monitoring v Respublike Kazahstan: teorija, problemy, perspektivy: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii 29 nojabrja 2012 goda. – Astana: Қazaқstan Respublikasynyң Zaң shyғaru instituty, 2013. – 325 b.

9. Tihomirov J.A. Jeffektivnost' zakona: ot celi k rezul'tatu // Zhurnal rossijskogo prava. 2009. №4 (148).

10. Arzamasov Ju.G., Nakonechnyj Ja.E. Tehnika pravovogo monitoringa v normotvorcheskom processe ParaGraf, 2012 https://www.hse.ru/data/2012/02/10/1263474219/2012_%D0%90%D1%80%D0%B7%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D1%81%D0%BE%D0%B2%20%D0%AE%D0%93,%20%D0%9D%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B5%D1%87%D0%BD%D1%8B%D0%B9%20%D0%AF%D0%95_%D0%A2%D0%B5%D1%85%D0%BD%D0%B8%D0%BA%D0%B0..%D0%B8%D0%BD%D0%B3%D0%B0%20%D0%B2%20%D0%BD%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%BE%D1%82%D0%B2%D0%BE%D1%80%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%BC%20%D0%BF%D1%80%D0%BE%D1%86%D0%B5%D1%81%D1%81%D0%B5.pdf